

ҚР Қаржы полициясы агенттігінің Қаржы полициясы академиясына қабылдау Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі төрағасының 2001 жылғы 6 маусымдағы N 80 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 3 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1562. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясының) Төрағасының 2006 жылдың 28 маусымындағы N 108 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясының) Төрағасының 2006 жылдың 28»маусымындағы N 108 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2001 жылғы 18 мамырындағы N 366 V011514_ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарына қабылдаудың біртекті Ережелеріне с ә й к е с Б ұ й ы р а м ы н :

1. Қосымша берілген Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігінің Қаржы полициясы академиясына қабылдау Ережесі бекітілсін.
2. Қаржы полициясы агенттігінің кадр аппараттары осы бұйрықты зерделеуді және оқуға түсушілерге дер кезінде мәліметтер беруді ұйымдастырсын.
3. Қаржы полициясы академиясының бастығы оқуға түсуге үміткерлерді қабылдауды бекітілген Ережелерге сәйкес қамтамасыз етсін.
4. Салық полициясы комитетінің 2000 жылғы 25 мамырдағы N 51 бұйрығының күші жойылды деп саналсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қаржы полициясы агенттігінің кадрлар басқармасының бастығы Қ.Т. Әбілдинге және Қаржы полициясы академиясының бастығы (М.Ш. Қоғамовқа) жүктелсін.

Т ө р а ғ а

генерал-майор

Қаржы полициясы агенттігі төрағасының
2001 жылғы 6 маусымдағы N 80
бұйрығымен бекітілген

Қаржы полициясы агенттігі
Қаржы полициясы академиясына қабылдау
ережесі

1. Жалпы ереже

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің 2001 жылғы 18 мамырындағы N 366 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасының Ғылым және білім министрлігінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 247 "Біртекті ережелерін бекіту жөніндегі" бұйрығына қосымшалар мен өзгертулер енгізуге байланысты осы ереже дайындалды.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігі Қаржы полициясы академиясының (бұдан әрі - Академия) күндізгі оқыту бөліміне жалпы орта және жоғарғы кәсіптік білімі бар қаржы полициясы мен кеден қызметкерлеріне қойылатын талаптарға жауап беретін қызметке және оқуға жарамды Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

3. Академияның тыңдаушылар құрамын қалыптастыру мамандарды дайындаудың мемлекеттік сұранысына орай іске асырылады.

4. Академияның күндізгі оқыту бөліміне түсетін азаматтар кешенді тест түрінде түсу емтихандарын тапсырады.

5. Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің мемлекеттік білім стандарты және тесттен өткізу ұлттық орталығының технологиясы бойынша (бұдан әрі - МБО және ТӨҰО) кешенді тесттен өткен азаматтарға мемлекеттік сертификат беріледі.

6. Академияға азаматтарды қабылдау, бекітілген реттік 3 кезеңмен жүзеге асырылады:

бірінші кезеңде - медицина, дене тәрбиесі және психологиялық көрсеткіштері бойынша аумақтық мамандар даярлау талабын есепке ала отырып, Академияның қабылдау комиссиясы талапкерлер құрамын қалыптастырады;

екінші кезеңде - Академия мемлекеттік білім стандарты және тест өткізу ұлттық орталығы әзірлеген технологияға сәйкес кешенді тестілеу түрінде түсу емтихандарын өткізеді;

үшінші кезеңде - Академияның мандаттық комиссиясы тыңдаушылар қатарына қабылдауды өткізеді.

7. Талапкерлердің талабы бойынша қазақша немесе орыс тілдерінде орта жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасына сай төрт пән бойынша кешенді тестер өткізіледі. Тесттен өткізудің міндетті пәндері болып табылатындар:

- 1) 021600 "Құқықтану" мамандығы бойынша
Жалпы тарих - басымды пән
М а т е м а т и к а

Қ а з а қ с т а н т а р и х ы
Қ а з а қ н е м е с е о р ы с т і л і
2) 080100 "Кеден ісі" мамандығы бойынша
Ж а ғ р а ф и я - б а с ы м д ы п ә н
М а т е м а т и к а

Қ а з а қ с т а н т а р и х ы
Қ а з а қ н е м е с е о р ы с т і л і

8. Әр пән бойынша тест тапсырмаларының саны - 30. Әрбір тест тапсырмаларының дұрыс жауабы бір ұпаймен бағаланады.

9. Кешенді тестке үш астрономиялық сағат бөлінеді.

10. Тесті қайтадан тапсыруға рұқсат берілмейді.

11. Сырттай оқыту бөліміне кәсіптік орта білімі немесе жоғарғы кәсіптік білімі бар азаматтар қабылданады, қысқартылған білімдік бағдарламасы бойынша екінші жоғарғы білім алу ақылы негізде жүргізіледі.

12. МБО және ТӨҰО технологиясы бойынша әзірленген мемлекеттік құпиямен жұмыс істеуді талап етпейтін мамандықтарға кешенді тест өткізу арқылы Академияның сырттай оқыту бөліміне оқуға түсушілер ақылы негізде жүзеге асырылады.

Академияға кәсіптік орта білімі немесе жоғарғы кәсіптік білімі бар азаматтар қабылданады, қысқартылған білімдік бағдарламасы бойынша екінші жоғарғы білім алуды ақылы негізде жүргізуді Академияның қабылдау комиссиясы сұхбаттасу түрінде жүзеге асырады. Көрсетілген санаттардың оқу ісінің жұмысын ресімдеу Академияда жүргізіледі.

Оқуға түсушілер келесі құжаттарды тапсырады: арыз, 086-У нысаналы медициналық анықтама, Академияның қабылдау комиссиясымен куәландырылған білімі жөніндегі құжаттың көшірмесі, 3x4 көлемді үш бейнесуреті.

Құжаттарды қабылдау оқуға түсушінің жеке куәлігінің негізінде іске асырылады.

2. Оқуға қабылдауды ұйымдастыру

13. 15 шілдеге дейін талапкерлердің жеке істерін қабылдау жүзеге асырылады.

14. 21-22 шілде айына талапкерлердің келуі жоспарланды.

15. 23-31 шілде аралығында медицина, дене тәрбиесі және психологиялық көрсеткіштері бойынша іріктеу жүргізіп Академияның қабылдау комиссиясы талапкерлер құрамын қалыптастырады.

16. Қаржы полициясы академиясы базасында өткізілетін, Қаржы полициясы академиясына түсетін тұлғаларға 2 тамызда кешенді тест өткізу жүргізіледі.

17. Қабылдау комиссиясының төрағасы - Академия бастығы оқуға түсушіні

тәртіп бұзғаны үшін және басқа да мәтінді себептер негізінде іріктеуші органның өкіміне қайтаруға құқылы.

18. Сырттай оқыту бөліміне келіп түскен жеке істерді қабылдау 30 тамызға дейін жүзеге асырылады.

3. Тест өткізу

19. МБО және ТӨҰО әзірлеген технология бойынша кешенді тест өткізіледі.

20. МБО және ТӨҰО бойынша кешенді тесті өткізу нәтижелерін дайындау кешенді тест өткізу орынында атқарылады.

21. Кешенді тесттен өтудің нәтижелері тест өткізілген күні жарияланады.

22. Тест аяқталғаннан кейін дұрыс жауаптардың кодтары ілінеді.

23. Аймақтық комиссия тесттен өткізілгеннен кейін үш тәулік ішінде кешенді тестер нәтижелері бойынша әрбір қатысушыға белгіленген үлгіде мемлекеттік сертификат береді.

24. Тесттен өткізу нәтижелерімен келіспеуші азаматтың тест нәтижелерін қайта қарауды талап етіп арыздануға құқығы бар.

Аймақтық комиссияның төрағасы бекіткен, аймақтық комиссияға тестің нәтижесі жарияланғаннан кейін шағым арыз бір тәулік ішінде ұсынылады және қаралады.

4. Академияға қабылдау

25. Академияның тыңдаушылар қатарына қабылдау кешенді тест нәтижелері, дене тәрбиесі дайындығының емтихан қорытындысы, медициналық және психологиялық көрсеткіштері бойынша, сондай-ақ кадрларды даярлаудың территориялық принциптерін сақтай отырып Академияның мандаттық комиссиясының шешімімен қабылданады.

26. Қабылдау 3 тамызда өткізіледі.

27. Мемлекеттік сертификат ұпайларының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда оқуға алынуға құқық беретін жеңілдіктер - жетімдер және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, қайтыс болған және қызмет бабымен мүгедек болған қаржы полициясы мен кеден қызметкерлерінің балалары, үздік аттестаты немесе үздік дипломы барлар.

28. "Алтын белгісімен" марапатталған азаматтар, орта білім, бастапқы кәсіптік және орта кәсіптік білім беретін ұйымдардың түлектері, Құқықтану және Кеден ісі мамандықтарына сәйкес пәндер бойынша ғылыми және халықаралық олимпиадалар (I, II, III дәрежедегі дипломдармен марапатталған) мен республикалық жеңімпаздар Академияға түсу үшін кешенді нысандағы тест тапсыру емтихандарын тапсырмай-ақ қабылданады.

29. Кешенді тесттен өтуде 40 ұпайдан кем жинаған талапкерлер Академия тыңдаушыларының қатарына қабылдануға жіберілмейді.

30. Қабылдау комиссиясының оқуға қабылдау туралы шешімі Академия

бастығының бұйрығымен ресімделінеді. Бұйрықтың көшірмесі өндірістен қол үзіп оқуға қабылданғандардың жол сапарға шығуы, еңбек демалысы және сырттай оқуға түсушілердің басқа да жеңілдіктер алуларына негіз бола алады.

31. Академияның тыңдаушылар қатарына қабылданбаған азаматтар іріктеуші органдар өкілеттілігіне жеке істерімен және қабылданбаған себептері көрсетіліп қ а й т а ж і б е р і л е д і .

32. Академияға қабылдаудың қорытындысы бойынша келесі есеп берім ұ с ы н ы л а д ы :

1) Қаржы полициясы агенттігіне бір апта мерзімі ішінде: қабылдауды өткізу және ұйымдастыру бойынша тексттік қорытынды қабылдау есебі, қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелері.

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігіне 10 күн мерзім і ш і н д е :

белгіленген нысандар және мерзімдер бойынша ақпарат;
қабылдауды өткізу және ұйымдастыру бойынша мәтінді қорытынды есеп;
қабылдау туралы бұйрықтар көшірмелері.